

Жамбыл облысы Байзақ ауданының кейбір ауылдық округтерінің шекараларын белгілеу және өзгерту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 224 бірлескен қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2025 жылғы 22 қазандағы № 27-11 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Байзақ ауданы әкімдігі мен мәслихатының бірлескен ұсыныстары негізінде Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігі қаулысының және Жамбыл облыстық мәслихаты шешімінің қосымшасына сәйкес Байзақ ауданының мынадай ауылдық округтерінің шекаралары белгіленсін және өзгертілсін:

Сарыкемер ауылдық округінің шекарасына шаруа қожалықтары және мемлекеттік жер қорының жалпы көлемі 123,6422 гектар жер бөлігін қосу жолымен Сарыкемер ауылдық округі шекараларының жалпы көлемі 1581,992 гектар болып өзгертілсін;

Үлгілі ауылдық округінің шекарасына шаруа қожалықтары және мемлекеттік жер қорының жалпы көлемі 25,7999 гектар жер бөлігін қосу жолымен Үлгілі ауылдық округі шекараларының жалпы көлемі 554,2999 гектар болып белгіленсін және өзгертілсін;

Түймекент ауылдық округінің шекарасына шаруа қожалықтары және мемлекеттік жер қорының жалпы көлемі 209,9586 гектар жер бөлігін қосу жолымен Түймекент ауылдық округі шекараларының жалпы көлемі 2765,9586 гектар болып белгіленсін және өзгертілсін;

Бурыл ауылдық округінің шекарасына шаруа қожалықтары және мемлекеттік жер қорының жалпы көлемі 19,8688 гектар жер бөлігін қосу, Бурыл ауылдық округінің шекарасынан Көктал ауылдық округінің шекарасына жалпы көлемі 2,2364 гектар жер бөлігін беру жолымен Бурыл ауылдық округі шекараларының жалпы көлемі 989,1666 гектар болып белгіленсін және өзгертілсін;

Көктал ауылдық округінің шекарасына шаруа қожалықтары және мемлекеттік жер қорының жалпы көлемі 216,6896 гектар жер бөлігін қосу, Көктал ауылдық округінің шекарасынан Бурыл ауылдық округінің шекарасына жалпы көлемі 5,259 гектар жер бөлігін беру жолымен Көктал ауылдық округі шекараларының жалпы көлемі 498,447 гектар болып белгіленсін және өзгертілсін;

Темірбек ауылдық округінің шекарасына мемлекеттік жер қорының жалпы көлемі 101,666 гектар жер бөлігін қосу жолымен Темірбек ауылдық округі шекараларының жалпы көлемі 423,6657 гектар болып белгіленсін және өзгертілсін.

3. Осы бірлескен Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы мен Жамбыл облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

шешіміне қосымша

			оның ішінде:				оның ішінде:		
			а- у- ы- л ш- а- р- у- а- ш- ы- л- ы- ғ- ы м- а- қ- с- а- т- ы- н- д- а- ғ-	оның ішінде:			Б- е- р- і- л- ғ- е- н ж- е- р- л- е- р- д- і- ң к- ө- л- е- і (ғ-	а- у- ы- л ш- а- р- у- а- ш- ы- л- ы- ғ- ы м- а- қ- с- а- т- ы- н- д- а- ғ-	оның ішінде:
			е- г- і- с- т- і- к (г- е- к- т- а-	к- ө- п ж- ы- л- д- ы- қ е- к- п- е- л- е- р	ж- а- й- ы- л- м (г- е- к- т- а-				
					б- а- с- қ- а ж- е- р- л- е- р (г- е- к- т- а- р)				

[illegible]

5.	Көктал ауылды қ округі	498,447	216,689 6	215,774 7	151,668 6	0	64,1061	0,9149	5,259	5,259	5,259
6.	Темірбе к ауылды қ округі	423,665 7	101,666	95,9321	0	0	95,9321	5,734	0	0	0
7.	Барлығы:	6813,52 98	792,633 7	681,687	202,024 7	23,8409	455,821 4	15,9382	7,4954	7,4954	7,4954

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК